

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Тараздың тарихын социологиялық талдау (кеңестік кезең)

І.Әйтiмбет

Тараз қаласының кеңестік кезеңдегі тарихына социологиялық талдау жасау үшін міндетті түрде жалпы Қазақстан жеріндегі қалалардың құрылуының типологиясына тоқталу қажет. Қазіргі қалаларға арналған ғылыми еңбектерде өкінішке орай, бұл талап қолданылмаған. Нақты айтатын болсақ, Қазақстан тарихындағы арнайы қалаларға арналған бөлімдерде олардың әлеуметтік мәніне көңіл бөлінбей, архитектурасына, мәдениетіне, өнеріне және т.б. жақтарына тоқталып, олардың ерекшелендіретін логикасының әлеуметтік мәні мүлдем қарастырылмаған. Тіптен ондай ойға да жетпеген. Ал енді кеңестік замандағы Қазақстан қалаларына арналған У.Исаевтің бірнеше рет басылып шыққан ғылыми еңбегіне келетін болсақ, онда бұл кітап кеңестік дәуірде шыққандығынан осы қалалардың сол кезеңде кереметтей гүлдеп, экономикалық, мәдени, ғылыми және де т.б. міндеттерді атқарып, Қазақстанның «ғарыштап» алға басуының бірден-бір негіздері және көрсеткіштері ретінде қарастырылған болатын.

1916 жылғы қазақ көтерілісінің 10 жылдығына арналған 1926жылы жарық көрген еңбектердің ішінде Темірбек Жүргенұлының «1916 жылғы қазақ көтерілісінде қала мен ауыл арасындағы наразылық» атты мақаласында қалалардың әлеуметтік мәніне назар аударып былай деп жазған еді. «1916 жылғы қазақ көтерілісі, дұрысында ауылдың қалаға қарсы көтерілісі еді. Ауыл қалаға қарсы неге көтерілді? Оның себебін іздегенде, қазақ қалаларының салынуы тарихына көз жіберу керек.

Аурыпа (Европа) қалалары қалай салынды? Шаруа түрі өзгерген сайын ел ру-ру болып отырудан қалып, кәсіп, шаруа жөнінен біріге бастады. Әуелі жұрт жерге отырысты. Әр жерге басы ауысқандар сауда шаруашылығы басқан сайын көгендесіп бөлек-бөлек поселке болды. Осы ретпен Аурыпа, оның ішінде ішкі Ресей қалалары орысының айдауымен, шаруа түрінің өзгеруімен өзінен-өзі құрылды. Әр қазақ даласындағы қалалар жоғарғы үкіметтің бұйрығымен салынды. Қазақ даласын алып патша үкіметі Орта Азия, Сібірге ұмтылғанда қазақ даласының әр жерінде қорғандар салдырды. Сонан барып қала болып кетті. Мұның нәтижесінде патша үкіметі қазақтың қоғам тұрмысына зорлап, қазақтың шаруа түріне, тұрмысына үйлеспейтін саясатты кіргізеді.

... Зиянгершілік саясаты қашан да отар елдің өнерлі кәсібін күшейтпеске тырысады... Патша өкіметі тек қазақты өзіне қаратып қана қоймай, Орта Азияны алмақ болды. Ол Қытайға ықпалын жүргізіп, шығысқа ағылшынмен таласпақ болды. Қазақ елін өзіне қаратқанда, соғыс бекіну саясатын осы мақсатына бейімдеп жүргізді. Сондықтан қазақ даласының шет-шетіне Қытайға, Орта

Азияға қарап әскердің жүретін жолына қорғандар салынды. Қазақ даласындағы қазіргі қалалар сол қазақ даласына қазақ елін қыспаққа қысуға, Шығыс елдерін отарлауға салған қорғандар. Сондықтан қазақ даласындағы қалалар тұрмыстың айдауымен, шаруа түрінің өзгеруімен салынбай отаршылдықтың арқасында өкімет бұйрығымен салынды. Осы қалалар арқылы патша өкіметі қазақ даласын өзіне бағындырды», (1) Қаһарлы 1916 жыл. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы, Қазақстан, 1928, 2 том, 19-22 бб.)

Әлихан Бөкейханов. Шестаков. «1916 жылғы көтерілістің он жылдығына 1916-1926 (25 июнь)» атты мақалаларында былай деген жері бар «Өз жерінде төресіне құлақ – кесті құл егінші орыс біздің жерге келіп, жер сауырсын иеленіп, орыстар төреге сүйеніп, өз өкіметіне сүйеніп қазақ қырғызға кешегі құл би болған, Қазақ қырғыз атар таңынан, шығар таңынын күдер үзген. Келімсек орыс байып өрге өрлеген» (2) (Сонда, 13 бет.).

Айтылған ойларды қорыта отырып мен Қазақстан қалаларын әлеуметтік мәніне қарай келесі типтерге бөлуді жөн санаймын:

1. Бірінші тип – ол Қазақстанда қазақтардың өз тарихына байланысты төл туынды қалалар. Олар ежелгі, көне қалалар. Олардың ерекшеліктері-қазақтардың шаруашылығының, мәдениетінің, діні мен ділінің табиғи өзгеруінің негізінде құрылғандықтарынан олар қазақи бет әлпетіне рухани болмысты болғандықтан дала, қыр қазақтарана жат болмай, олардың әлеуметтік табиғи жалғасы бірін бірі жалғастырушы болып келуінде. Қала мен дала іштей үйлесімді. Қаланың бүкіл тіршілігі дала қазақтарына да қолайлы. Өйткені біртұтас ұлттың туындылары.

2. Екінші тип. Ол Ресей отаршылық дәуірінде салынған қалалар. Олардың әлеуметтік мәні қазақты қанау, оларды бодан ретінде бас көтертпей ұстау болғандықтан олар қазақтарға бүкіл болмыстарымен жау.

3. Үшінші тип. Кеңестік тоталитарлық кезеңде салынған қалалар. Бұл қалалар қазақ ұлты тұрғысынан алғанда Ресей отаршылдығы кезеңіндегі саясатты жаңа өзгерген дәуірде кеңестік тоталитарлық жүйенің жалғастыруы болып табылады. Оның себебі қалалар қазақтың қалалары болған еместігінен. Әр түрлі әкімшілік басқару жүйесінің әр түрлі тәсілдері арқылы қазақтардың қалаларға қоныстануы шектеліп өте қатаң бақылауда тұрады. Ал әскери өндірістік комплекстің салған қалалары: Курчатов, Ленинск, Приозерск және т.б. жергілікті қазақтардың тұруы емес тіптен кіруіне мүмкін емес еді.

Өндірістің қажеттілігімен құрылған қалаларға келетін болсақ, онда өндірістің басым бөлігінің одақтық министрлікке қарағандығынан бұндай қалалардың тұрғындары да республикадан тыс негізінен Ресейден әкелінетін.

Кеңестік кезеңде көтерілген қалалардың үш типтерінде тоталитарлық жүйе логикасы негізінде өзгерістерге ұшырады және сол ауқымда тіршілік етті.

Тараз, кеңестік дәуірде басында Әулие – Ата, кейіннен Жамбыл, қаласы бірінші тип қалалар қатарына жатады. Сондықтан ол патшалық Ресей кезінде уақыт мерзіміне сай отаршылдық ХІХ ғасырдың орта кезінде тап болғандықтан патша өкіметі құлаған шаққа дейінгі уақытта өзінің барлық жоспарын түбегейлі асыра алмағаны айқын. Сондықтан Әулие – Ата да Қарахан кешіне, қасында Айша Бибі ғана кешіндері сақталып қалғаны.

Ал көптеген мұражайлар, тарихи жерлер қиратылып, жойылып, оның орындарына әр түрлі мекемелер, үйлер салынды. Мақсат – қазақты төл тарихынан айырып мәңгүрт ету.

Салыстырмалы Әулие Атаның тұрғындарының ұлты және әлеуметтік құрылымдарын көзге елестету үшін 1871 жылғы Верный қаласының көрсеткіштерін келтірейік.

“Вот перечень верненского населения по племенам и сословиям.1871 году составляло:

		Муж. пол	Жен. пол	Всего
1.	Дворян потомственных	109	45	155
2.	Дворян личных	71	52	123
3.	Почетных граждан	8	5	13
4.	Духовенство белого	8	12	20
5.	Купцов	174	107	281
6.	Мещан	1176	1306	2482
7.	Крестьян	174	101	275
8.	Колонистов	5	3	8
9.	Военного сословия	2512	250	2762
10.	Казачьего	2048	1839	3887
11.	Отставных бессрочно-отпускных солдат	583	180	763
12.	Сартов	459	106	565
13.	Китайцев	9	3	12
14.	Калмыков крещенных	91	52	143
15.	Калмыков некрещенных	107	81	188
16.	Лиц не принадлежащих к вышеизложенным сословиям	187	93	180
17.	Проживающих по паспортам	191	83	277
	Итого:	8186	4457	12637

Және де “Относительно нравственности, к сожалению, ничего нельзя сказать утешительного. Пьянство сильно развито и едва ли уменьшается.

Здесь пьют не только мужчины и женщины. Но и дети обоих полов. Пьянство и другие причины порождают в здешнем населении и самоубийства, случающихся довольно часто” - деп жазады Л.Костенко. Очерки семиреченского края, Воен.Сборник”.1872 г. ІХХХУІІІ”(3).(Прошлое Казахстана.В источниках и материалах под редакцией проф.К.Д.Асфендиярова.2-ое издание. Алматы, Қазақстан, 1998, 333-334 бб.).

Тұрар Рысқұлов 1926\1927 РСФСР-дың Орталық Статистикалық Басқармасының дерегіне сілтеме жасап былай деп көрсетеді. «Қазақстан қалаларында 30 жуық ұлт өкілдері тұрады және оның 72,2 пайызын орыстар құрайды». (4). Рысқұлов Т. Собр,соч. В 3-х т. том. 2. Алматы. Қазақстан, 1997, 206 б.).

Көріп отырмыз 1871 жылғы Верный (қазіргі Алматы) қаласында ресми статистикада «қазақ» деген ұлттың тіптен аты да көрсетілмегендігі. Қала тұрғындарының ішкілікке қатты беріліп, маскүнемдіктің кең етек жайғанын, рухани азғындардың көптігінен олардың арасынан өздерін-өздері өлтірушілердің өсуі отарлаушылардың іс-әрекеттерінің адамдық қасиетке бауламайтындарының көрінісі деп түсіну қажет. Олар жергілікті халықты қырып жойып, олардың байлығын иемдену іс-әрекеттері негізінде өздері адамдық, жасампаздық қасиеттерден жұрдай болады. Кеңес үкіметі кезінде де қазақ халқы қалаларға қоныстануға еркін мүмкіндік ала алмады. Қалалар оларға жат болып қала берді.

Тараз қаласының тарихын ой елегінен өткізіп сараптасақ осы заңдылықтарды түсінеміз. 2000 жылдық тарихы бар көне қала патшалық Ресейдің отаршылдығы кезінде қиратылып, оның тұрғындары өлтірілгендері өлтіріліп, тірі қалғаны бағындырылған еді. Орыстандыру саясаты кеңестік дәуірде де кең етек жайды.

Оның дәлелі 1987 жылғы статистикалық деректері. Тараз қаласы отызыншы жылдардың екінші жартысынан бастап, әсіресе жетпісінші жылдары химия өндірісі орталығына айналды. Қаланың ішіне кірісе суперфосфат заводы, одан әрірек ДПО «Химпорм», қаладан едәуір қашықтағы НДФЗ заводтары орналасты. Енді осы қаланың негізгі қаржы және материалдық жағынан, ондағы жұмыс істейтін адамдар жағынан саны көп осы заводтардың ұлттық құрамын негізгі ұлт және этностар өкілдері тұрғысынан қарайық:

Сулерфосфат заводу

	Бірінші басшылар	Бас маман	Қызметкерлер	Цех бастықтары	Смена бастықтары	Мастерлер	Бригадирлер	Жұмысшылар	ИТР Инженер-техникалық қызметкерлер	Барлығы
1	Қазақтар	2	10	8	12	16	10	368	59	461
2	Орыстар	3	135	11	27	29	53	1129	197	1506
3	Украиндар		15	1	1	5	4	124	25	180
4	Немістер		22	2	2	3	9	140	22	194
5	Татарлар		3	2	1	2	2	59	9	74
6	Керістер		2	1	1	2	3	36	16	64
Заводтағы барлығы		5	201	27	46	57	84	2004	340	2697

Таблиціде көрсетілгендей заводты орыстардың үлесі 55,8 пайыз, ал қазақтардікі тек қана 17. Сонымен қатар орыстардың қызметкерлердегі үлесі 67,2 пайыз, қазақтардікі-4,9; бригадирлерде орыстардікі-63, қазақтардікі-11,9.

1. Ескерту. Біз мақалада көрсетілген қндіріс мекемелерінің тек қана 6 ұлт өкілдерінің деректерімен шектеліп отырмыз.

ДПО «Химпром»

	Бірінші басшылары	Бас мамандар	Қызметкерлер	Цех бастықтары	Смена бастықтары	Мастерлер	Бригадирлер	Жұмысшылар	ИТР Инженер-техникалық қызметкерлер	Барлығы
1	Қазақтар	6	75	9	55	81	42	1250	118	2237
2	Орыстар	4	257	22	56	70	209	2721	227	3566
3	Украиндар		35	3	2	10	18	352	26	446
4	Немістер	2	40	-	8	4	35	340	22	455
5	Татарлар	2	24	1	3	10	9	172	7	228
5	Кәрістер	3	11	1	4	6	6	98	29	158
	Кәсіпорындағы барлығы	21	479	41	131	194	334	5258	450	7513

заводта орыстардың үлесі 47,5 пайыз, қазақтардікі 29,7. Бірақта қызметкерлердің құраындағы орыстардікі үлесі --53,6, ал қазақтардікі 15,6 пайыз; бригадирлер құрамында орыстар 62,6, ал қазақтар 12,5 пайыз.

		Орыстар	Қазақтар	Немістер	Татарлар	Кәрістер
Жасына байланысты	20-ға дейін	55	26	6	2	2
	21-25	298	301	45	18	5
	26-30	368	294	60	16	22
	31-40	927	340	147	62	39
	41-50	682	128	47	43	16
	51-60	293	28	37	17	7
	Барлығы	2701	1125	350	161	92
Разрядтары бойынша	1	76	17	17	7	-
	2	134	57	15	6	6
	3	519	343	57	37	20
	4	856	463	97	51	24
	5	540	138	71	24	20
	6	348	34	46	18	18
Барлығы		2701	1125	350	161	92
Білмі бойынша	Жоғары	69	87	2	6	12
	Толық емес жоғары	4	5	-	2	-
	Орта техникалық	237	125	30	6	7
	Арнайы орта	91	54	5	4	6
	Орта	1459	742	187	88	54
	Толық орта емес	701	99	92	50	11
	Толық орта техникалық	140	3	34	5	2
Барлығы		2701	1125	350	161	92

Енді заводтағы екі ұлттың құрамынан 100 пайыз деп алсақ, онда орыстардың үлесі 70,5, ал қазақтардікі 29,5 пайызын құрайды. Ал 5 разряд жұмысшыларының 79,6 орыстар, 20,4 пайызын қазақтар; 6 разряд жұмысшыларының 91,1 пайызын орыстар, 8,9 пайызын қазақтар құрайды.

Келтірілген барлық таблицалардың деректерінде қазақтардың әлеуметтік, кәсіптік статустарын салыстырғанда қазақтардың барлық көрсеткіштері орыстардан әлденеше рет төменде орналасқанын көреміз. Қазақтар орыстарға қарағанда білімдері жағынан жоғары болғанымен олардың кәсіби статустары орыстардан әлденеше рет төмен тұрғанына көз жеткіздік. Бұл сол кездегі орталықтан жүргізілген мемлекеттік саясаттың нәтижесі болатын.

Сонымен, кеңес заманында қазақтар үлкен, жалақылары жоғары, сол кезең тұрғысынан алғанда, техникалық, алдыңғы қатарлы салаларға, ондағы кәсіби статустары жоғары қызметтерге облыс көлеміндегі халықтардың арасындағы өз үлесіне сай тартылмады.

Тараздың (сол кезде Жамбыл) көшелерінің аттарының басым көбі қазақтардың аттарымен аталмады, аландар, мектептер т.с.с. мекемелердің де басым көпшілігі орыс тілінде болды.

Одаққа қарайтын химия өндірісі болғандықтан, ал ондағы жұмыс істейтіндер және жақсы кәсіби статуста орналасқандар қазақтар болмағандықтан салынған үйлер, өндірістің бүкіл бай әлеуметтік саласының байлығы да қазақтардың үлесіне тимеді. Қаланың бүкіл тіршілігінің басымы орысша, тоталитарлық жүйенің логикасыменен қызмет атқарған соң қазақтар қалаға өгей болып қалды. Бұндай әділетсіздік жай тек егеменділік алғаннан соң ғана жөнделе бастады және бұл саладағы істер енді ғана басталды деп айтуға болады. Себебі, Тараздың бүкіл тіршілігі, бет-бейнесі, болмысы, рухы қазақтың қаласы болуға тиісті, сонда ғана қала өзіне тән функциясын атқара алады. Сонда ғана қала мен дала жаттанудың қайшылықтарын шешіп, ұлттың мүддесінен шығады.

Әдебиеттер

1. Қаһарлы 1916 жыл. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы, Қазақстан, 1998, 2 том, 19-22 бб.
2. Сонда 13 бет.
3. Прошлое Казахстана. В источниках и материялах Под редакцией проф. К.Д.Асфандиярова. 2-е издание. Алматы, Қазақстан, 1998, 333-334 бб.
4. Рысқұлов Т. Собр.соч. в 3-х т. Том. 2. Алматы. Қазақстан, 1997, 206 б.

Резюме

Историю Тараза в советский период необходимо в контексте тоталитарной системы. В целом города Казахстана можно разделить на три типа: 1) древние, построенные на базе национальной культуры; 2) города, построенные в колониальный период; 3) города, построенные в период тоталитарной системы. Задача суверенного государства вернуть городом национальную сущность, колорит.

Resume

Taraz's history in the soviet period should be analyzed in the context of totalitarian system. Actually Kazakhstan cities can be divided into 3 types: the ancient, built on the base of national culture; 2 built during the colonial period; built during the totalitarian period. The aim of the independent and sovereign state is top bring back the national core to the cities.

Özet

Tarazın SSCB zamanındaki tarihini totalitar sistem temeline göre incelemek lazım. Kazakistan şehirlerini üç tipe ayırsak olur: 1) eski ulusal medeniyet temelinde kurulan şehirler; 2) sömürgecilik döneminde şehirler; 3) totalitar sistem zamanında kurulan şehirler.

Bağımsız devletin karşısında olan mesele o şehirlere kendilerine ait medeni ve manevi şekil vermek ve imajını kazandırmak.